

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Сөйлеу дамуы тежелген ерте жастағы балаларға жүргізілетін түзету жұмыстары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.06.2025

**ТІРЕК СӨЗДЕР**  
ата-анамен жұмыс, диагностикалау, ерте жасты балалар, Жалағаш ауданы, логопедия, психологиялық-педагогикалық көмек, сөйлеу бұзылысы, сөйлеу дамуы тежелуі, тілдік даму, түзету жұмысы

**СІЛТЕМЕ**  
<https://bilimger.kz/180380/>

**Автор: Бодық Қаламқас Мұратбекқызы**

**Жетекші: БАЙМУХАМБЕТОВА Б.Ш**

Мақалада сөйлеу дамуы тежелген (СДТ) ерте жастағы балаларға жүргізілетін түзету жұмыстарының ғылыми-теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. Сөйлеу тежелуінің негізгі себептері – биологиялық, психоэлеметтік және генетикалық факторлар талданады. Сонымен қатар СДТ түрлерінің сипаттамасы беріліп, 2-4 жас аралығындағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері негізінде түзету жұмысының мазмұны мен ұйымдастырылу жолдары сараланады. Практикалық бөлімде Жалағаш аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде жүргізілген нақты жұмыс барысы мен нәтижелері сипатталады. Зерттеу нәтижелері ерте жастағы кезеңде жүргізілетін кешенді логопедиялық, психологиялық және педагогикалық көмектің маңызын дәлелдейді. Сонымен қатар, түзету жұмыстарының тиімділігі ата-ана мен мамандар арасындағы серіктестікке, дұрыс таңдалған әдістер мен баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәсіл қолдануға байланысты екенін атап көрсетеді.

Кілт сөздер: сөйлеу дамуы тежелуі, ерте жасты балалар, түзету жұмысы, логопедия, психологиялық-педагогикалық көмек, диагностикалау, тілдік даму, ата-анамен жұмыс, Жалағаш ауданы, сөйлеу бұзылысы.

Сөйлеу – баланың қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуы мен танымдық дамуының негізгі құралы. Ерте жаста сөйлеу қабілетінің дұрыс қалыптасуы оның жалпы дамуы мен әлеуметтенуіне тікелей әсер етеді. Алайда соңғы жылдары сөйлеу дамуы тежелген балалар санының артуы алаңдатарлық деңгейге жетіп отыр. Мұндай балаларда дыбыстарды дұрыс айтуда, сөздік қорды меңгеруде, грамматикалық құрылымдарды қолдануда, сондай-ақ тілдік қатынасқа түсуде айтарлықтай қиындықтар байқалады.

Сөйлеу дамуы тежелуінің себептері әртүрлі: неврологиялық, генетикалық, әлеуметтік және педагогикалық факторлармен байланысты болуы мүмкін. Осы орайда ерте жастағы балалармен жүргізілетін арнайы түзету жұмыстарының маңызы зор. Себебі дәл осы кезеңде орталық жүйке жүйесінің икемділігі мен қалпына келу қабілеті жоғары, ал баланың тілі мен ойлауының негіздері енді қалыптасып жатқан сәт болып табылады.

Сөйлеу дамуы тежелуі (СДТ) – баланың сөйлеу қабілетінің жас ерекшелігіне сәйкес қалыптаспай, кешігуі немесе бұзылуы ретінде сипатталатын күрделі тілдік-психологиялық құбылыс. Ғылыми тұрғыдан СДТ ұғымы — сөйлеу тілінің барлық немесе кейбір құрылымдық деңгейлерінің қалыпты даму қарқынынан ауытқуын білдіреді. Бұл құбылыс баланың қарым-қатынас жасау қабілетіне, когнитивтік дамуына, әлеуметтік бейімделуіне теріс әсер етеді және арнайы педагогикалық көмекті қажет етеді [1].

Сөйлеу дамуы тежелуінің себептері көпфакторлы болып келеді. Ең алдымен биологиялық факторларды атауға болады. Оларға жүктілік кезіндегі ана ағзасындағы инфекциялар, токсокоз, ұрықтың оттегі жетіспеушілігі (гипоксия), босану процесіндегі жарақаттар мен асқынулар, сондай-ақ орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымданулары жатады. Бұл жағдайлар баланың сөйлеу қабілетін қамтамасыз ететін ми құрылымдарының, атап айтқанда, Брока және Вернике аймақтарының қызметіне кері әсер етеді. Мұндай нейро-физиологиялық өзгерістер сөйлеудің моторлық және сенсорлық процестерінің дамуын тежейді.

Келесі маңызды себеп – психоәлеуметтік факторлар. Ерте жастағы баланың тілдік дамуы үшін қолайлы әлеуметтік-эмоционалдық орта қажет. Егер бала сөйлеуді үйрену кезеңінде жеткілікті тілдік модельдермен, белсенді қарым-қатынас жағдайымен қамтылмаса, онда сөйлеу әрекетінің дамуы баяулайды. Сонымен қатар ата-ананың эмоционалды суықтығы, отбасылық кикілжіңдер, баламен жеткіліксіз қарым-қатынас және гаджеттерге тәуелділік сияқты жағдайлар да баланың тілдік белсенділігін төмендетіп, пассивті тыңдаушы күйінде қалдырады. Бұл – сөйлеудің мотивациялық, коммуникативтік және когнитивтік компоненттерінің қалыптасуына кедергі келтіретін жағдаяттар.

Сөйлеу дамуы тежелуінің генетикалық және тұқымқуалаушылық факторлары да елеулі рөл атқарады. Кейбір балаларда сөйлеу қызметінің дамуындағы тежеліс отбасылық бейімділікке байланысты кездеседі. Мұндай жағдайда баланың сөйлеу қабілетінің бұзылуы ата-анасында немесе туыстарында болған ұқсас проблемалармен байланысты болуы мүмкін. Генетикалық бейімділік көбіне артикуляциялық аппараттың моторикасының төмендігі, фонематикалық қабылдаудың әлсіздігі және грамматикалық құрылымдарды меңгеру қиындығы арқылы көрініс табады [2].

Сөйлеу дамуы тежелуінің түрлері бірнеше бағыт бойынша жіктеледі. Жалпы сөйлеу дамуының тежелуі (ЖСДТ) кезінде баланың сөйлеуінің барлық компоненттері — дыбыстау, сөздік қор, грамматикалық құрылымдар және байланыстырып сөйлеу — жас ерекшелігіне сай қалыптаспайды. Мұндай балалар кеш сөйлейді, айтылымдары бұлыңғыр және түсініксіз болады. Экспрессивті сөйлеу тежелуінде баланың ішкі түсінуі

мен пассивті сөздік қоры салыстырмалы түрде сақталғанымен, өз ойын ауызша жеткізу қабілеті шектеулі болады. Олар сөздерді дұрыс байланыстырмайды, сөйлем құрастыруда көп қателік жібереді. Рецептивті сөйлеу тежелуінде керісінше, бала айтылған сөздерді түсінбейді немесе толық қабылдай алмайды. Бұл жағдайда тілдің мағынасы мен құрылымын тану процесі бұзылады. Аталған екі түр бір мезгілде кездескен жағдайда аралас түр деп аталады. Бұл сөйлеу бұзылыстарының ең күрделі және түзету жұмыстары ұзақ уақыт пен жүйелі тәсілді талап ететін формасы болып саналады.

Осылайша, сөйлеу дамуы тежелуінің себептері мен түрлерін ғылыми тұрғыда саралай отырып, әр баланың сөйлеу дамуындағы жеке ерекшеліктерін ескеруге негізделген кешенді түзету жұмысы қажет. Диагностикалық дәлдік пен ерте араласу – баланың тілдік және әлеуметтік әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін басты шарттардың бірі.

Ерте жастағы балалармен жүргізілетін түзету жұмысы — сөйлеу дамуы тежелген баланың тілдік, когнитивтік және әлеуметтік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі және ғылыми негізделген педагогикалық-психологиялық үдеріс. Бұл кезеңдегі түзету жұмысының тиімділігі баланың жас ерекшеліктерін, психофизиологиялық дамуын және сөйлеу қабілетінің қалыптасу заңдылықтарын ескеруге тікелей байланысты.

2–4 жас аралығы — баланың сөйлеу тілі, танымдық әрекеті, есту және көру арқылы қабылдауы, эмоционалдық реакциясы қарқынды дамиды шешуші кезең [3]. Осы уақытта баланың тіл меңгеру процесі табиғи ортада, еліктеу, қайталау, тыңдау және қатынасқа түсу арқылы қалыптасады. Жүйке жүйесі мен ми қыртысының жоғары икемділігі тілдік қабілеттердің тез жетілуіне мүмкіндік береді. Бұл жастағы балалар үшін тілдік белсенділік – ойлаудың дамуы мен тұлғалық қалыптасудың негізі. Сондықтан сөйлеу дамуы тежелген балаларға дәл осы жас кезеңінде ерте көмек көрсету — кейінгі дамудың іргетасы болып саналады.

Ерте диагностиканың маңызы ерекше. Сөйлеу тежелісін ерте анықтау — түзету процесінің уақытылы және тиімді басталуына жағдай жасайды. Диагностикалық шаралар баланың сөйлеу, есту, моторлық, эмоционалдық және когнитивтік дамуын кешенді түрде бағалауды қажет етеді. Логопедиялық тексеріс нәтижесінде баланың сөйлеу құрылымындағы ауытқулар мен жетіспеушіліктер анықталып, соған сәйкес түзету жұмыстарының мазмұны мен бағыты құрастырылады. Ерте диагноз қою арқылы сөйлеу бұзылысының асқынуының алдын алып, психикалық дамудың үйлесімділігін сақтау мүмкін болады.

Түзету жұмысын ұйымдастыруда көпсалалы мамандар тобының өзара серіктестігі ерекше мәнге ие. Логопед, дефектолог, педагог-психолог және ата-ана — түзету-тәрбиелеу үдерісінің тең құқықты қатысушылары болып табылады. Әрбір маман өз саласы бойынша баланың дамуына ықпал етсе, ата-ана күнделікті өмірде баламен тұрақты қарым-қатынасты қамтамасыз ете отырып, практикалық дағдылардың бекітілуіне үлес қосады. Табысты нәтижеге жету үшін ата-анаға логопедиялық жұмыс әдістері мен сөйлеуді ынталандыру жолдары үйретілуі тиіс. Сонымен қатар ата-анамен тұрақты кері байланыс түзету процесінің сапасын арттырады.

Жұмыс форматына келетін болсақ, ерте жастағы балалармен түзету жұмысы көбіне индивидуалды және топтық форматта жүзеге асырылады. Индивидуалды жұмыс баланың сөйлеу деңгейіне, жеке психологиялық ерекшеліктеріне және эмоциялық жағдайына сәйкес жоспарланады. Мұндай форматта бала мен маман арасында жақын қарым-қатынас орнап, сөйлеуге ынталандыруға бағытталған тәсілдер икемді қолданылады. Ал топтық формат балалар арасындағы әлеуметтік байланыстарды дамытуға, өзара әрекеттесу арқылы тілдік белсенділікті арттыруға бағытталады. Әсіресе бір жас шамасындағы балаларды біріктіре отырып, ортақ ойындар, әндер, сюжеттік тапсырмалар арқылы ұжымдық қарым-қатынас жасау қабілеті жетілдіріледі. Бұл балалардың еліктеу, тыңдау және қайталау дағдыларын күшейтеді [4].

Әлеуметтік маңызы жоғары бұл ғылыми-зерттеу жұмысы аясында «Жалағаш аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сөйлеу дамуы тежелген 0-3 жас аралығындағы балалармен арнайы практикалық жұмыс жүргізілді. Жобаның мақсаты — ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау, сөйлеуді қалыптастыруға бағытталған түзету-дамыту жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ кешенді қолдау көрсету арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру болды.

Практикалық жұмыс 2025 жылдың ақпан-сәуір айлары аралығында жүргізілді. Алдын ала логопедиялық, психологиялық және педагогикалық диагностикалау арқылы балалардың сөйлеу дамуының деңгейі, қабылдау мен ойлау процестері, эмоциялық-ерік ерекшеліктері және жалпы моторикасының қалыптасу дәрежесі анықталды. Диагностика нәтижелері бойынша зерттеуге қатысқан балаларда сөйлеудің тежелуінің әртүрлі белгілері байқалды: пассивті сөздік қордың кедейлігі, дыбыстау қиындығы, қарапайым сөздерді қайталауға құлықсыздық, еліктеу мен ойын дағдыларының шектеулілігі.

Түзету жұмысы аптасына 3 рет логопедиялық сабақтар және қосымша аптасына 1 рет психологиялық-дамыту жаттығуларымен ұйымдастырылды. Жұмыстың құрылымы келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Артикуляциялық және фонациялық жаттығулар – балалардың дыбыстау аппаратының моторикасын дамыту, тыныс алу мен фонацияны үйлестіру мақсатында қолданылды. Әр жаттығу ойын элементтерімен (қол қуыршақтар, айнамен жұмыс, үрлеу ойыншықтары) сүйемелденді.

Сенсорлық және моторлық даму жаттығулары – балалардың ұсақ және жалпы моторикасын дамыту арқылы тілдік дағдыларға іргетас қалыптастырылды. Мысалы, құм терапиясы, текстуралы материалдармен жұмыс, құрсау, шарлар, тақтайшалармен қозғалыс жаттығулары жасалды.

Көрнекілік арқылы тілдік стимуляция – түрлі суреттер, карточкалар, дыбыстық ойындар, мультфильмдер негізінде сөздік қорды байыту, еліктеу, атау, сұраққа жауап беру сияқты сөйлеу әрекеттері ынталандырылды.

Музыкалық және логоритмикалық жаттығулар – ырғақты қимыл мен сөйлеуді

үйлестіретін жаттығулар арқылы балалардың есту қабілеті мен сөйлеу белсенділігі арттырылды. Музыка мен қимыл қозғалыстары арқылы командалық әрекетке дағдылану қалыптасты.

Ата-аналармен жұмыс – әрбір баланың ата-анасына логопедиялық қолдау бағдарламасы ұсынылып, үй жағдайында тілдік қарым-қатынасты дамытуға бағытталған арнайы кеңестер мен жеке нұсқаулықтар берілді. Сонымен қатар ата-аналарға сөйлеуді ынталандыратын ойындар тізбесі мен тіл дамыту жаттығулары ұсынылды.

Практикалық жұмыс нәтижесінде қатысушылардың көпшілігінде төмендегі оң өзгерістер байқалды:

Балалардың сөздік қоры кеңейді, атау, еліктеу, қарапайым сұрақтарға жауап беру әрекеттері тұрақтана бастады;

Дыбыстау айқындылығы артты, кейбір дыбыстарды айтуда дәлдік қалыптаса бастады;

Балалар ойын әрекетіне белсенді араласып, топтағы құрдастарымен қарым-қатынас жасауға ұмтылды;

Тілдік мотивация мен коммуникативтік қызығушылық байқалды;

Ата-аналардың қатысу белсенділігі артты, сөйлеу терапиясына деген түсінік пен сенім нығайды [5].

Жалпы алғанда, бұл практикалық жұмыс сөйлеу дамуы тежелген ерте жастағы балалармен түзету жұмыстарының нәтижелі болуы үшін ерте диагностикалау, кешенді тәсіл, ойын мен мотивацияны біріктіру, сондай-ақ ата-аналармен серіктестік негізінде жұмыс жүргізу маңызды екенін көрсетті. Жасалған жұмыс тәжірибесі болашақта өңірлік деңгейде ерте жастағы балаларға арналған түзету-дамыту бағдарламаларын жетілдіруге және тиімді әдістемелік үлгілер қалыптастыруға негіз бола алады.

Сөйлеу дамуы тежелген ерте жастағы балаларға жүргізілетін түзету жұмыстары – баланың тұлғалық, когнитивтік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің маңызды педагогикалық-психологиялық бағыты. Ерте жастағы кезең – тілдік қабілеттердің қарқынды дамитын, әрі түзетуге икемді кезеңі болғандықтан, сөйлеу бұзылыстарын дер кезінде анықтап, арнайы көмек көрсету – бала болашағы үшін шешуші рөл атқарады.

Зерттеу барысында сөйлеу дамуы тежелуінің себептері биологиялық, психоәлеуметтік және генетикалық факторлармен байланысты екені дәлелденді. СДТ-ның түрлерін жіктеу арқылы әр баланың сөйлеу ерекшеліктерін ескере отырып, жеке бағдарлама құру қажеттілігі айқындалды. Сонымен қатар 2–4 жас кезеңінің психофизиологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып ұйымдастырылған түзету жұмыстарының тиімділігі артатыны анықталды.

Практикалық жұмыс нәтижесінде «Жалағаш аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде» жүргізілген кешенді логопедиялық, психологиялық және сенсорлық жаттығулар балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруға оң ықпал етті. Балаларда сөздік қордың кеңеюі, артикуляциялық дәлдіктің артуы, тілдік мотивация мен қарым-қатынасқа бейімділіктің қалыптасуы байқалды. Ата-аналармен жүргізілген серіктестік жұмыс баланың үйдегі тілдік ортасын жақсартып, түзету жұмыстарының нәтижелілігін

күшейтті.

Қорытындылай келе, сөйлеу дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары — ғылыми негізделген, кешенді, баланың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылуы тиіс. Мұндай жұмыс тек тілдік қабілетті емес, сонымен қатар баланың танымын, эмоциясын, мінез-құлқын дамыта отырып, толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Ерте араласу мен мамандардың кәсіби ынтымақтастығы – тиімді нәтижелердің негізгі кепілі болып табылады.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

Жарықпаева С.К. Логопедия: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 212 б.

Мухина В.С. Возрастная психология. Развитие ребенка от рождения до 17 лет. – Москва: Академия, 2010. – 368 с.

Айтбаева Ж.А. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары // Білім берудегі жаңашылдықтар. – 2020. – №4. – Б. 35–40.

Глухов В.П., Чиркина Г.В. Коррекционная педагогика и специальные методики: учебное пособие. – Москва: Владос, 2019. – 304 с.

Төлегенова А.С. Ерте жастағы сөйлеу дамуы тежелген балалармен жүргізілген практикалық жұмыс нәтижелері // Педагогикалық шеберлік журналы. – 2024. – №2. – Б. 44–49.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.